

# WABTEC COOKIE САЯСАТЫ

*3 желтоқсан 2018 жылдан бастап күшіне енеді*

Wabtec және оның еншілес ұйымдары (бірге алғанда “**Wabtec**”) жеке құпиялылықты құрметтейді және өз тұтынушыларының, бизнес серіктестерінің және басқалардың сенімін бағалайды. Wabtec өзінің бизнесті жүргізу тәжірибелерінде ең жоғары этикалық стандарттарды орындауға тырысады. Тиісінше, Wabtec жеке деректерді жинау, пайдалану және жариялауына байланысты Wabtec бизнес жүргізетін елдердің заңнамаларына сәйкес міндеттемелерді қатаң түрде ұстанады.

Бұл Cookie саясаты (“**Саясат**”) осы веб-сайтқа немесе осы Саясатқа (“**Сайт(тар)**”) сілтеме жасалатын немесе қаралатын кез келген веб-сайтқа қолданылады және осы сайтқа кірген кезде cookie файлдары дегеніміз не, cookie файлдарының қандай түрлері құрылғыңызға қойылатынын және біз оларды қалай қолданатынымыз туралы сипаттайды.

Бұл Саясат Wabtec ұйымы сіздің жеке деректеріңізді жалпы мақсатта жинау, пайдалану және жария етуіне қатысты емес. Wabtec сіздің жеке ақпаратыңызды қалай өңдейтіні туралы көбірек білу үшін біздің [Құпиялылық саясатымызды](#) қараңыз.

## Cookie файлдары дегеніміз не?

Cookie файлдары дегеніміз сіздің веб-браузеріңізден немесе компьютердің қатты дискісіне жіберілетін немесе кіретін шағын мәтіндік файлдар. Cookie әдетте cookie файлы шыққан доменнің атауы (интернеттің орналасқан жері), cookie файлының “қызмет ету мерзімі” (яғни мерзімі аяқталғанда) және кездейсоқ жиналған бірегей нөмір немесе ұқсас идентификатордан тұрады. Сонымен қатар, cookie файлында сіздің компьютеріңіз туралы ақпарат болуы мүмкін, мысалы: біздің қызметтерді пайдалану кезіндегі пайдаланушы параметрлері, браузерге кіру журналы және әрекеттері.

## Біз Cookie файлдарын не үшін қолданамыз

Cookie файлдары бізге Сайтты және ондағы сіздің тәжірибеңізді жетілдіруге көмектеседі, бізге пайдалану, техникалық және браузерді шолу көрсеткіштерін талдауға және алаяқтықты анықтауға және болдырмауға көмектеседі.

## Біз қолданатын Cookie файлдарының әр түрлі түрлері

*Бірінші тарап және үшін тарап cookie файлдары*

Бірінші тарап cookie файлдары мен үшінші тарап cookie файлдары cookie файлдарының әр түрлі түрлері болып саналады:

- Бірінші тарап cookie файлдарын Wabtec сіздің құрылғыңызға тікелей орналастырады. Мысалы, біз сайтты сіздің құрылғыңызға немесе тілдік артықшылықтарыңызға бейімдеу

үшін және Сайтты пайдалануды қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін біз бірінші тарап cookie файлдарын қолданамыз.

- Үшінші тарап cookie файлдарын үшінші тарап іскерлік серіктестеріміз және қызмет провайдерлері құрылғыңызға орналастырады. Мысалы, біздің сайтымыздағы аудиторияны талдау үшін біз үшінші тарап cookie файлдарын қолданамыз.  
*Сеанстық және тұрақты cookie файлдары*

Сеанстық cookie файлдары және тұрақты cookie файлдары да cookie файлдары әр түрлі түрлеріне жатады.

- Сеанстық cookie файлдары браузеріңізге орналастырылған сәттен бастап браузеріңізді жапқанға дейін ғана болады. Біз сеанстық cookie файлдарын әртүрлі мақсаттарда, яғни браузерге бір сессия жасау кезінде біздің Сайтты пайдалану туралы көбірек білу үшін және біздің Сайтты тиімдірек пайдалануға көмектесу үшін қолданамыз.
- Тұрақты cookie файлдары ұзағырақ қызмет етеді және веб-браузерді жапқан кезде автоматты түрде жойылмайды. Cookie файлдарының бұл түрлері негізінен аналитикалық мақсаттар үшін қолданылады.

### **Біз Cookie файлдарын қалай қолданамыз**

Біз cookie файлдарын Сайтты қамтамасыз ету, қорғау және жақсарту үшін, сонымен қатар сіздің тәжірибеңізді жекелендіру және Сайтқа кірген кезде сізді тану үшін қолданамыз.

Осы мақсаттарда біз cookie файлдарындағы ақпаратты сіз туралы басқа жеке деректермен де байланыстыра аламыз. Сайтқа кірген кезде, cookie файлдары құрылғыңызда орнатылуы мүмкін. Cookie файлдары, барлық технологиялар тәрізді, қауіпсіздігі жоғарырақ және тиімдірек cookie файлдарымен алмастырылуы мүмкін. Жиналған cookie файлдары туралы білу үшін веб-беттің жоғары жағында орналасқан Cookie баннеріндегі Опциялар түймесін басыңыз, содан кейін “Қосымша ақпарат алу және біз жинайтын басқа ақпарат туралы таңдауларды жасау” пәрменін таңдаңыз.

### **Cookie файлдарына қатысты таңдауларыңыз**

Сіз бірнеше опцияны пайдаланып cookie файлдарына қатысты таңдауларыңызды қолдана аласыз. Cookie бойынша артықшылықтар жасайтын өзгертулер біздің сайтымыздың тиісінше жұмыс істеуіне толық немесе ішінара кедергі келтіруі мүмкін екенін ескеріңіз.

#### *Осы Cookie саясатындағы құралдар*

Сіз веб-сайтқа кірген кезде cookie файлдарына артықшылықтарды кез келген уақытта, **беттің жоғарғы жағында орналасқан Cookie файлын қолдануға келісу құралының баннерін таңдау арқылы** өзгерте аласыз. Сіз осы Cookie саясатында берілген тиісті ақпараттан бас тарту сілтемелерін таңдай аласыз. Егер сіз саясатты қабылдаған болсаңыз, бірақ келісіміңізден бас тартқыңыз келсе, веб-беттің төменгі оң жағындағы “Жарнама артықшылықтары” сілтемесін таңдаңыз, содан кейін “Келісімді алып тастау” түймесін басыңыз.

## *Браузер және құрылғыларды басқару*

Көптеген веб-браузерлер пайдаланушыларға cookie файлдарын басқаруға немесе қабылдамауға немесе компьютерге cookie орнатылған кезде пайдаланушыларға ескертуге мүмкіндік беретін параметрлерді қамтамасыз етеді. Cookie файлдарын басқару процедурасы әр интернет браузері үшін сәл ерекшеленеді, сондықтан веб-браузерінің “*Анықтама*” мәзіріндегі нақты қадамдарды тексеріңіз. Cookie файлдары браузерге тән ерекшелентін болғандықтан, қолданатын барлық веб-браузерлерінде cookie файлдарының артықшылықтарын басқару қажет болуы мүмкін.

Сонымен қатар, қолжетімді болса, мобильді құрылғыда тиісті параметрді іске қосу арқылы құрылғы идентификаторларын қабылдамауға болады. Құрылғы идентификаторларын басқару процедурасы әр құрылғы үшін сәл ерекшеленеді, сондықтан қолданатын құрылғыңызға қатысты құжаттамадан нақты қадамдарды тексеріңіз.

## **Google™ Cookie файлдары**

Біз Google Analytics қолданамыз, ол - веб-сайттың бағыттарын мәлімдеу үшін сіздің осы сайтты және қызметтерді пайдалануыңыз туралы ақпаратты жинау үшін cookie файлдары мен басқа да деректерді жинау технологияларын қолданатын Google қызметі.

Сіз Google Analytics қызметінен [www.google.com/settings/ads](http://www.google.com/settings/ads) сілтемесіне кіру арқылы немесе <https://tools.google.com/dlpage/gaoptout> сілтемесі бойынша Google Analytics ақпаратынан бас тарту браузерін жүктеу арқылы ақпараттан бас тарта аласыз.

## **Осы Саясатқа жаңартулар**

Біз сайттарымызға кез келген өзгерістерді көрсету үшін немесе заңды және/немесе нормативті міндеттемелердегі өзгерістерге сәйкес болу үшін арасыда осы Cookies саясатын жаңарту құқығын сақтаймыз. Біз сайтта өзгертілген нұсқаны жаңартылған нұсқа күнімен орналастырамыз. Мұндай өзгерістер күшіне енгенде отыз күннен кейін біздің сайтты қолдануды жалғастыру арқылы, сіз түзетулерді қабылдайсыз және келісесіз және оларды орындайсыз деп саналады.

## **Байланысу**

Егер сізде кез келген сұрақ туындаса немесе Wabtec cookie файлдары және осы Саясат туралы білгіңіз келсе, бізге мына мекенжай бойынша хабарласыңыз:

### **Wabtec Corporation**

Attn: Privacy Officer

Мекенжайы: 1001 Air Brake Avenue

Wilmerding, PA 15148 - USA

Телефон: +1 412-825-1000

Электрондық пошта: [privacy@wabtec.com](mailto:privacy@wabtec.com)